



Махаббат - Өмір өзеги

Free

Жаңа ақпарат

*Әрбір адам өзіне , ата-анасына, Отанға,
туған еліне сүйіспеншілікпен қарайды.
Ыстық ықылас, шынайы сүйіспеншілік
махаббат сезімін тудырады. Әлемдегі бар
жақсылық махаббат арқылы келеді.*

Ойланайық, пікірлесейік

- Адамның шын ықыласпен істеген іс-әрекеттері қандай сезім тудырады?

- Сүйіспеншілік сезімдеріңді қалай білесіңдер? Кімге? Неліктен?

- Туған жер, табиғат қандай сезім тудырады?



Мәтінмен жұмыс



1. “Махаббат шуағы” Р.Рождественский

- “Бәрінің бастауы – махаббат!”
деген сөзді қалай түсінесің?

- Махаббат неліктен адам жанын
нұрға, көңілін қуанышқа бөлейді?

2. Ана. 3. Воскресенская



-Адам жүрегі махаббатқа, сүйіспеншілікке толы болса ғана мейірімділік, адалдық сияқты асыл қасиеттер үнемі байқалып тұрады. Өмірді сүю, Отанды, туған жерді сүю, білімге құштарлық та сүйіспеншілікке байлансыты болады.

- Сендер шыр етіп дүниеге келгенде ата- анаңның қуанышында шек болмады. Ал сендер алғаш рет сәби жүректеріңмен анаңның аялы алақанын, мейірленген махаббатын сезіндіңдер. Сондықтан да барлық жақсылықтың негізі осы махаббаттан басталып, адам жанын нұрға, көңілін қуанышқа бөлейді.

Дәйексөз

1. Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ. Оның алдында адамды ынтықтырушы өзге дүниелер әлсіз келеді.

В.Т. Белинский

2. Өзінің елін сүйе алмайтын адам ештеңені де сүйе алмайды.

Байрон

3. Сүйіспеншілік – жүректен.

Ш.Құдайбердіұлы

4. Махаббатсыз- тіршілікте мән жоқ. И. Гете

5. Махаббатсыз –дүние бос. А.Құнанбаев



Шығармашылық жұмыс

Оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін сурет арқылы бейнелеу.

1 топ. “Қайдасың, қасқа құлыным?”

2. “Қасиетті туған жерді қастерле”



Түйіндеме

Махаббат

Өзін-өзі, өзгелерді тануға жетелейді;

Өзгелерді сыйлауға негіз болады;

Ата-анаға сүйспеншілікті білдіреді;

Отанды, елді құрметтеуге үйретеді;

Табиғаттың сұлулығын сезіндіреді

Махаббат мәні

А.Самиғоллаұлы

Адамзатты аялаған ақ арман,
Барлық ғалам махаббаттан жаралған.
Өмір-өзен сан тарапқа ақса да,
Жақсылықтан шуақ алып, нәр алған.

sendflowers.ru

Махаббаттың тоймай ішіп дәміне,
Адамзаттың талмай айтар әні ме?
Өзіңді де өзгені де сүйе алсаң,
Жете аларсың махаббаттың мәніне.